

**«Оқушылардың математикалық сауаттылығын стандартты емес
әдістерді қолдану арқылы арттыру жолдары»**
облыстық шығармашылық шеберханасының жұмысы қорытындыланды

2025-2026 оқу жылында Ақтөбе қаласы Сазды орта мектебінің математика пәні мұғалімі Е.Арызахметовтың жетекшілігімен «Оқушылардың математикалық сауаттылығын стандартты емес әдістерді қолдану арқылы арттыру жолдары» тақырыбында облыстық шығармашылық шеберхана жұмысының төрт отырысы өткізілді.

Шеберхананың мақсаты - математикалық сауаттылық ұғымын жан-жақты түсіндіре отырып, стандартты емес тапсырмалардың ерекшеліктерін анықтау мен мұғалімдердің тәжірибесіне тиімді әдістерді енгізу.

Облыстық шығармашылық шеберхананың төрт отырысында қатысушылар PISA форматындағы өмірмен байланысты есептерді орындады. «Миға шабуыл», «Ойлан – жұптас – бөліс» әдістері арқылы есептердің бірнеше шешу жолдары қарастырылды. Топтар күнделікті өмірден алынған жағдаяттарға математикалық талдау жасап, тиімді шешімдерін ұсынды. Сонымен қатар «Математикалық квест», «Логикалық эстафета», QR-код арқылы тапсырмалар, пазл есептер және командалық ойындар орындады. Әр топ өздерінің ойын түріндегі тапсырмаларын құрастырып, қорғады. Өзара сабақ талдау жүргізіліп, бағалау критерийлері мен кері байланыс құралдары қолданылды. Әр қатысушы жеке іс-әрекет жоспарын жасады.

Шеберхана нәтижесінде қатысушылар математикалық сауаттылықты дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолданудың маңыздылығын түсінді. Стандартты емес тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін және өмірлік жағдаяттарда математикалық білімін қолдану дағдыларын дамытуға ықпал ететіні дәлелденді. Қатысушылар алынған тәжірибені күнделікті сабақтарына енгізуге дайын екендіктерін көрсетті.

Қартбаева Айнұр Әуезханқызы, әдіскер



